



БЕКІТЕМІН:

«Баршақұм орта мектебі» м.а. директоры

Өтегенов А.Е.

«28» 08 2024 жыл

КЕЛІСЕМІН:

Оқу ісінің орынбасары

Шакен Г.С.

«28» 08 2024 жыл

ӘБ ОТЫРЫСЫНДА ҚАРАЛДЫ:

ӘБ жетекшісі Гөсіф Көшімова Г.Г.

Хаттама № \_\_\_\_\_ «  »

«28» тыңыс 2024 жыл

## КҮНТІЗБЕЛІК- ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАУ

**Мұғалім:** *Жайшылық Гүлназ Нұргисақызы*

**Облыс, аудан, ауыл:** *Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, «Баршақұм орта мектебі» КММ*

**Сыныптар:** *7, 8, 9, 10, 11*

**Пән:** *химия*

2024-2025 оқу жылы

### Түсінік хат

5-9 сыныптарға арналған күнтізбелік тақырыптық жоспарлар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жасалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа алынды.

**«Химия» пәні** білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын дамытуда, әлемнің тұтас ғылыми бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл пән оқушыларға заттардың әртүрлілігі мен олардың өзгерістерінің маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Жаңа заттарды алу мүмкіндіктерін аша отырып, оқушыларды қоршаған ортаның экологиялық жағдайын берілген мәліметтер негізінде нақты бағалауға үйретеді.

7-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу мақсаттары оқушыларға заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттері, олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, оқушыларға химиялық процестердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

7-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны: «Химия пәні. Таза заттар және қоспалар. Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы, химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері, таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері, жәй және күрделі заттар, элемент, химиялық қосылыстар:

Химияны меңгергеннен кейін білім алушылар:

- 1) атомдар мен заттар молекулаларының құрылысын, химиялық үдеріс барысында олардың қасиеттерінің өзгерісін;
- 2) химиялық реакциялар кезінде заттың жалпы массасы мен энергиясының сақталуын;
- 3) химиялық реакцияның жылдамдығының химиялық процесс шартының ауысуына байланысты өзгеруін;
- 4) техникалық қауіпсіздік ережесін сақтап, қоршаған ортаға қауіпсіз химиялық айналымдарды жүргізуге болатындығын;
- 5) ғылыми әдістер мен эксперименттерді жоспарлауға;
- 6) шығармашылық әдіс-тәсілдер арқылы химиялық ақпаратты пайдаланып, өмір сапасын жақсартуға болатындығын түсінуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескеріліп әзірленген.

Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:

- «Заттардың бөлшектері»;
- «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары»;

- «Химиядағы энергетика»;
- «Химия және қоршаған орта»;
- «Химия және өмір».

Білім алушылардың химиялық процестердің мәнін, заңдар мен заңдылықтардың мағынасын жетік түсінуге және оларды өмірде қауіпсіз қолдануға; проблемаларды шешуге, жағдайды сын тұрғысынан бағалауға және шешім қабылдауға, сондай-ақ, түрлі әдістермен тиімді коммуникация орнатуға мүмкіндік беру болып табылады.

Қоршаған ортада әртүрлі құбылыстар мен процестер болып жатады, олардың көпшілігі химия ғылымы түсіндіретін заңдар мен заңдылықтарға бағынады. Химия пәні оқушыларға Жерде адамның тіршілік әрекетіне өте маңызды көптеген табиғи заттар бар екендігін және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау қажеттілігін түсінуге тәрбиелейтін мүмкіндік береді. Химияны оқу қоршаған ортада болып жатқан химиялық құбылыстардың мәнін түсінуге жетелейді.

Оқушылардың сыни және шығармашылықпен ойлауын, сонымен қатар көптеген эксперименттік және тәжірибелік дағдыларын дамыта отырып, проблеманы шешуде шығармашыл тәсілдерді қолдануды қолдайды. Бұл пәнді оқу барысында оқушылардың зетханалық құрал-жабдықтарды қолдану мен эксперимент жүргізу дағдылары дамиды.

Басты назар әлеуметтік және тұлғалық маңызы бар мәселелерді, ғылым жетістіктері мен ашылымдарды түсінуге қабілетті жан-жақты ақпараттанған, сын тұрғысынан ойлайтын азамат тәрбиелеуге, назар аудару қажет.

Жаңартылған оқу бағдарламасы оқушылардың келесі білігі мен дағдыларын дамытуға бағытталған:

- қауіпсіздік техникасын пайдалана отырып құрылғылар мен құрал-жабдықтарды қолдану, тәжірибе жүргізу, химиялық заттарды анықтау, есептеулер жүргізу, моделдерді жинау;
- табиғи құбылыстар, үдерістер, заңдардың мәнін түсіну үшін лабораториялық тәжірибе және зерттеу жұмыстарын жүргізу, эксперименттік есептер шығару;
- қоршаған ортада болатын өзгерістердің себеп-салдарын анықтау, оларды берілген жағдаятты шешу үшін түсіндіру және әдістерді ұсыну.

Бұл оқу бағдарламасы табиғаттағы, адамзаттың іс-әрекетіндегі химиялық үдерістерді, экологиялық проблемаларды шешудегі химиялық технологиялардың мүмкіндіктері, химиялық өнімдер өндірісінің принциптері мен қоршаған ортаның сақталу тепе-теңдігі туралы білім береді.

Химияның оқу бағдарламасы оқушыларға:

- атомдар мен заттар молекулаларының құрылысын, химиялық үдеріс барысында олардың қасиеттерінің өзгерісін;
- химиялық реакциялар кезінде заттың жалпы массасы мен энергиясының сақталуын;
- химиялық реакцияның жылдамдығының химиялық процесс шартының ауысуына байланысты өзгеруін;
- ғылыми әдістер мен эксперименттерді жоспарлауға;
- қоғам үшін химияның кең ауқымды мүмкіндіктерін бағалауға;
- жағдайды шынайы бағалау, нәтижелерді қорытындылау, эксперименталды жұмыстар жүргізу кезінде қорытынды жасау маңыздылығын;
- техникалық қауіпсіздік ережесін сақтап, қоршаған ортаға қауіпсіз химиялық айналымдарды жүргізуге болатындығын;
- химияның маңызды заңдылықтарын пайдаланып химиялық процестер мен заңдылықтарды болжауға және түсіндіруге

болатындығын;

- шығармашылық әдіс-тәсілдер арқылы химиялық ақпаратты пайдаланып, өмір сапасын жақсартуға болатындығын түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушылар «Химия» пәнін 8-сыныптан бастап оқитын болғандықтан, оқушылар пәннің негізін қалайтын ұғымдар, заңдар мен заңдылықтарды дұрыс түсіндіруді қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Оқушылардың кейінгі сыныптарда осы пәнді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру үшін барынша әртүрлі практикалық және лабораториялық жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру үшін оқу мақсаттарымен анықталған, сәйкесінше сыныптарда оқытудың күтілетін нәтижелеріне ерекше назар аудару қажет. «Ерітінділер және ерігіштік» тақырыбы бойынша 9-сыныптың оқушылары заттардың суда ерігіштігін анықтай білуі тиіс. Оқу бағдарламасы қауіпсіз зертханалық тәжірибелер, практикалық жұмыстар, көрсетілімдер, үй эксперименттерін жүргізіу және ұйымдастыру арқылы зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

Пән мазмұнын екінші не үшінші тіл арқылы оқытуда Зияткерлік мектептер пән мазмұны мен тілді оқып үйренуге тең қолдау көрсетілетін оқу ортасын құруға ұмтылады. Әр пәннің өз тілдік стилі бар, оны нақты бір пәннің «ғылыми тілі» деп атауға болады. Ғылыми тіл – пәннің мазмұнын оқып үйрену және ойлау мен пәндік мазмұнның негізгі ұғымдарымен жұмыс істеу қабілетін жақсарту үшін қолданылатын негізгі құрал. Екінші не үшінші тіл арқылы оқитын оқушылардың көпшілігіне олардың ғылыми тіл мен пән мазмұнын игеруі үшін білім алу үдерісінде үнемі қолдау көрсетілуі қажет. Үштілді білім беру контекстінде бірінші тілдегі ғылыми тілдің дамуы да тұрақты назарды талап етеді. Сондықтан, бірінші тіл арқылы оқуға берілетін шектеулі уақытты тиімді және нәтижелі қолдану керек.

Тілдік мақсаттар ғылыми тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен не күтілетіндігін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына тікелей байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар оқытушылар мен оқушыларға оқуға деген ынтаны қалыптастыруға, өлшеуге және қолдауға көмектеседі. Пәндік мазмұнды оқытуға, әрі ғылыми тілді үйретуге тұрақты екі бағытты ұстанатын пән мұғалімдері оқушыларға үлгі көрсетіп, пән мен тілді қатар алып жүруге көмектеседі.

Ғылыми тілді оқып үйренуді қолдау үшін оқытушыларға оқу жоспарларына мынадай тілдік мақсаттарды қосу ұсынылады:

- оқушылардың назарын ғылыми тілге аудару (мысалы, пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін қажетті терминология мен тіркестері бар лексика);
- сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті жұмыс тілін қалыптастыру (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті тіркестері);
- сабақ барысында лексиканы, оның ішінде терминология мен тіркестерді орынды пайдалану үшін оларды алдын ала оқыту кезеңінде тиімді қолдану;
- оқушылардың тілдік дағдының төртеуін де түрлі әрекеттерде (мысалы, оқылым-тыңдалым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым, тыңдалым-жазылым және т.б.) әртүрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолдану;
- оқушыларды пікірталас, диалогтарға тарту (мысалы, оқушылардан қысқа жауаптарды қабылдамау және жауаптары тек білімді ғана көрсететін сұрақтар қоймау; оқушыларды өз білімін нәтижелі талқылау үшін пайдалануға ынталандыру, сондай-ақ оқушылар диалогқа қатыса алуы үшін қажет бай сөздік қормен қамтамасыз ету);
- белгілі бір тілге тән дағдыларды дамыту (мысалы, қажетті мәліметті алу үшін тыңдау, түсіндіру, металингвистикалық және метакогнитивтік танымды дамыту, басқа сөзбен айту, сөздікпен жұмыс істеу дағдылары);

**7-сынып**  
(жылына 34 сағат, аптасына 1 сағат.)

| р/с | Бөлім/Ауыспалы тақырыптар                                                       | Сабақтың тақырыбы                                                                                                                          | Оқу мақсаттары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Сағат саны | Мерзімі    | Ескерту |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|------------|---------|
|     |                                                                                 | <b>1-тоқсан. 8-сағат</b>                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |            |            |         |
| 1   | <b>7.1А</b><br><b>Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар</b><br>(4 с.) | Химия пәніне кіріспе.<br><b>№1 практикалық жұмыс</b><br>«Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу» | 7.1.1.1 -химия ғылымының нені оқытатынын білу<br>7.1.1.2 -химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну                                                                                                                                                                                                                   | 1          | 04.09.2024 |         |
| 2   |                                                                                 | Элемент, қоспа және қосылыс.<br><i>№1 зертханалық тәжірибе</i><br>«Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру»                    | 7.4.1.1 -элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну<br>7.4.1.2 -таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу;<br>7.4.1.3 -элемент (жай зат), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу<br>7.4.1.4 -қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу | 1          | 11.09.2024 |         |
| 3   |                                                                                 | Қоспаларды бөлу әдістері.<br><i>№2 зертханалық тәжірибе</i><br>«Ластанған ас тұзын тазарту»                                                | 7.4.1.5 -қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу<br>7.4.1.6 -қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу                                                                                                                                                                                                                                                          | 1          | 18.09.2024 |         |
| 4   |                                                                                 | Қоспаларды бөлу әдістері.<br><b>БЖБ №1</b>                                                                                                 | 7.4.1.6 -қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 1          | 25.09.2024 |         |
| 5   | <b>7.1В</b><br><b>Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі</b>                      | Физикалық және химиялық құбылыстар. Заттардың агрегаттық күйлері<br><i>№3 зертханалық тәжірибе</i>                                         | 7.1.1.3 -физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату<br>7.1.1.4 -заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты,                                                                                                                                                                                                                          | 1          | 02.10.2024 |         |

|                   |                                         |                                                                               |                                                                                                                                                                |   |            |  |
|-------------------|-----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|------------|--|
|                   | (5 с.)                                  | «Химиялық реакциялардың белгілері»                                            | сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру                                                                                                              |   |            |  |
| 6                 |                                         | Салқындау үдерісі<br>№ 4 зертханалық тәжірибе<br>«Салқындау үдерісін зерттеу» | 7.1.1.5 -салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру               | 1 | 09.10.2024 |  |
| 7                 |                                         | Қайнау үдерісі<br>БЖБ №2                                                      | 7.1.1.6 -судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру. | 1 | 16.10.2024 |  |
| 8                 |                                         | Қайнау үдерісі<br>№5 зертханалық тәжірибе<br>«Судың қайнау үдерісін зерттеу»  | 7.1.1.6 -судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру  | 1 | 23.10.2024 |  |
| 2-тоқсан. 8-сағат |                                         |                                                                               |                                                                                                                                                                |   |            |  |
| 9                 | 7.2А Атомдар. Молекулалар. Заттар (3с.) | Атомдар мен молекулалар                                                       | 7.1.2.1 -атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу                                                                                                         | 1 | 06.11.2024 |  |
| 10                |                                         | Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар                                  | 7.1.2.2 -әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу                                                               | 1 | 13.11.2024 |  |
|                   |                                         |                                                                               | 7.1.2.3 -элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу                                                                                                        |   |            |  |
|                   |                                         |                                                                               | 7.1.2.4 -заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу                                                                                                     |   |            |  |
| 11                |                                         | Атомның құрамы мен құрылысы.                                                  | 7.1.2.5 -протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу                                                            | 1 | 20.11.2024 |  |
| 12                |                                         | Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар<br>БЖБ №1                              | 7.1.2.6 -алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ( $p^+$ , $n^0$ , $e^-$ ) мен атом ядросының құрамын білу;<br>7.1.2.7 -изотоп түсінігін білу                      | 1 | 27.11.2024 |  |

|                           |                                         |                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                            |   |            |  |
|---------------------------|-----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|------------|--|
| 13                        | 7.2В Ауа.<br>Жану<br>реакциясы<br>(5с.) | Ауа. Ауаның құрамы.<br><b>№6 зертханалық тәжірибе</b><br>«Балауыз шамның жануы»                                                                                                                       | 7.3.1.1-ауа құрамын білу;<br>7.3.1.2 -заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу<br>7.3.1.3 -атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну                                                                      | 1 | 04.12.2024 |  |
| 14                        |                                         | Жану үдерісі<br><b>№ 2 практикалық жұмыс</b><br>«Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттеkte жануын салыстыру»<br>Металдар мен бейметалдардың жануы, қышқылдық және негіздік оксидтердің түзілу | 7.3.1.4 -затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу<br>7.3.1.5 -тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру                                                                                                 | 1 | 11.12.2024 |  |
| 15                        |                                         | Жану үдерісі<br><b>БЖБ №2</b>                                                                                                                                                                         | 7.3.1.6 -заттардың таза оттеkte жақсырақ жанатындығын түсіну<br>7.3.1.7 -металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу                                                                                                            | 1 | 18.12.2024 |  |
| 16                        |                                         | Қорытынды сабақ                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                            | 1 | 25.12.2024 |  |
| <b>3-тоқсан. 10-сағат</b> |                                         |                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                            |   |            |  |
| 17                        | 7.3А<br>Химиялық<br>реакциялар<br>(3с.) | Табиғи қышқылдар мен негіздер.<br>Индикаторлар.<br><b>№7 зертханалық тәжірибе</b><br>«Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау».                                                            | 7.3.4.1 -«қышқылдық» және «сабындылық» қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу<br>7.3.4.2 -химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу | 1 | 15.01.2025 |  |
| 18                        |                                         | Табиғи қышқылдар мен негіздер.<br>Индикаторлар.<br><b>№8 зертханалық тәжірибе</b> «Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы»                                                                       | 7.3.4.3 -рН шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу<br>7.3.4.4 -«антацидтік заттарды» қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну                                                                    | 1 | 22.01.2025 |  |

|    |                                                                                     |                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |   |            |  |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|------------|--|
| 19 |                                                                                     | Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі.<br><b>№9 зертханалық тәжірибе</b><br>«Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі».                                                           | 7.2.2.1 -сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау<br>7.2.2.2 -сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру                                                                                     | 1 | 29.01.2025 |  |
| 20 |                                                                                     | Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі.<br><b>№10 зертханалық тәжірибе</b><br>«Сутекке сапалық реакция»                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 1 | 05.02.2025 |  |
| 21 |                                                                                     | Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі.<br><b>№ 3 практикалық жұмыс</b><br>«Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция»<br><b>БЖБ №1</b> | 7.2.2.4 -кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру                                                                                                                                                                           | 1 | 12.02.2025 |  |
| 22 | <b>7.3В</b><br><b>Химиялық элементтердің периодтық кестесі</b><br>(2 с.)            | Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы<br>Периодтық кестенің құрылымы                                                                                                              | 7.2.1.1 -И. Дёберейнер. Дж. Ньюленде. Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру<br>7.2.1.2 -периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар                                                                                                    | 1 | 19.02.2025 |  |
| 23 | <b>7.3С</b><br><b>Салыстырмалы атомдық массасы және қарапайым формула</b><br>(4 с.) | Салыстырмалы атомдық масса                                                                                                                                                                          | 7.1.2.8 -Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну<br>7.1.2.9 -табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну<br>7.1.2.10 -салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу | 1 | 26.02.2025 |  |

|                   |                                                                              |                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |   |            |  |
|-------------------|------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|------------|--|
| 24                |                                                                              | Қарапайым химиялық формулалар. Валенттілік                                                                           | 7.1.2.11 -элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық катынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу<br>7.1.2.12 -химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу | 1 | 05.03.2025 |  |
| 25                |                                                                              | Формулалар бойынша қосылыстардың салыстырмалы атомдық массаларын есептеу                                             | 7.1.2.13 – формула бойынша қосылыстардың салыстырмалы атомдық массаларын есептей білу                                                                                                                                                                                                      | 1 | 12.03.2025 |  |
| БЖБ №2            |                                                                              |                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |   |            |  |
| 26                | Қорытынды сабақ                                                              |                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 1 | 19.03.2025 |  |
| 4-тоқсан. 8-сағат |                                                                              |                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |   |            |  |
| 27                | 7.4А Адам организміндегі химиялық элементтер және олардың қосылыстары (4 с.) | Тағамдық өнімдердің құрамындағы коректік заттар.                                                                     | 7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну;                                                                                                                                                                                                                            | 1 | 02.04.2025 |  |
| 28                |                                                                              | Тағамдық өнімдердің құрамындағы коректік заттар. № 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы коректік заттарды анықтау» | 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: кант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білу және анықтай алу                                                                                                                                                                               | 1 | 09.04.2025 |  |
| 29                |                                                                              | Адам организміндегі химиялық элементтер. Тыныс алу процесі. №11 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу үдерісін зерттеу»    | 7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (О, С, Н, N, Са, Р, К) білу;<br>7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру                                                                                                                                                                            | 1 | 16.04.2025 |  |
| 30                |                                                                              | Тыныс алу процесі. БЖБ №1                                                                                            | 7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру                                                                                                                                                                                                                                                       | 1 | 23.04.2025 |  |
| 31                | 7.4В Геологиялық химиялық                                                    | Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар.                                                                             | 7.4.2.1 -Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну;                                                                                                                                                                                                                 | 1 | 30.04.2025 |  |

|    |                      |                                                 |                                                                                                                                                 |   |            |  |
|----|----------------------|-------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|------------|--|
| 32 | қосылыстар<br>(6 с.) | Кеннің құрамы                                   | 7.4.2.2 -кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын білу;<br>7.4.2.3 -металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау | 1 | 07.05.2025 |  |
| 33 |                      | Қазақстанның пайдалы қазбалары<br><b>БЖБ №2</b> | 7.4.2.4 -Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу;                                     | 1 | 14.05.2025 |  |
| 34 |                      | Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері  | 7.4.2.5 -табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу                                                                           | 1 | 21.05.2025 |  |

**8-сыныпқа арналған химия пәнінен ұзақ мерзімді жоспар**  
**68 сағат, аптасына 2 сағат**

| P/c                        | Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі                                        | Тақырып \ Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны                                                | Оқу мақсаттары                                                                                                                                                                               | Сағат саны | Мерзімі    | Ескерту |
|----------------------------|--------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|------------|---------|
| <b>1-тоқсан, 16 сағат.</b> |                                                                    |                                                                                              |                                                                                                                                                                                              |            |            |         |
| 1                          | <b>8.1А Атомдағы электрондардың қозғалысы (5 с.)</b>               | Атомда электрондардың таралуы                                                                | 8.1.3.1 -атомда электрондарядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну                                                                    | 1          | 04.09.2024 |         |
| 2                          |                                                                    | Энергетикалық деңгейлер.                                                                     | 8.1.3.2 -әрбір электрон қабатында электрон саны нақты<br>8.1.3.3- <i>s</i> және <i>p</i> орбиталдарының пішінін білу                                                                         | 1          | 05.09.2024 |         |
| 3                          |                                                                    | Энергетикалық деңгейлер. №1 зертханалық тәжірибе «Атомдар модельдерін жасау»                 | 8.1.3.4 -алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды – графикалық формуларын жаза білу                                                                        | 1          | 11.09.2024 |         |
| 4                          |                                                                    | Иондардың түзілуі                                                                            | 8.1.3.5 -атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну                                                                            | 1          | 12.09.2024 |         |
| 5                          |                                                                    | Қосылыстар формуласын құрастыру<br><b>БЖБ №1</b>                                             | 8.1.3.6 -«нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру                                                                                                                       | 1          | 18.09.2024 |         |
| 6                          | <b>8.1В Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері</b> | Химиялық формулалар бойынша есептеулер                                                       | 8.2.3.1 -заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару                                                             | 1          | 19.09.2024 |         |
| 7                          |                                                                    | Химиялық реакция теңдеулерін құру. №2 зертханалық тәжірибе «Әрекеттесуші заттардың қатынасы» | 8.2.3.2-әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау;<br>8.2.3.3 –реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; | 1          | 25.09.2024 |         |

|    |                                                          |                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                              |   |            |  |
|----|----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|------------|--|
| 8  | 9                                                        | Зат массасының сақталу заңы. <b>№1 көрсетілім</b> «Зат массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе».                                              | 8.2.3.4 -заттар массасының сақталу заңын білу;                                                                                                                                                                                                               | 1 | 26.09.2024 |  |
|    |                                                          | Химиялық реакция теңдеулерін құру.<br>Химиялық реакция типтері                                                                                      | 8.2.3.3 –реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру;<br>8.2.2.1 -бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу                                        | 1 | 02.10.2024 |  |
| 10 |                                                          | Химиялық реакция типтері.<br>Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар                                              | 8.2.2.1 -бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу.<br>8.2.2.2-табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау;                                                             | 1 | 03.10.2024 |  |
| 11 |                                                          | Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар<br><b>БЖБ №2</b>                                                          | 8.2.2.2-табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау;                                                                                                                                                                | 1 | 09.10.2024 |  |
| 12 | <b>8.1С<br/>Металдар<br/>белсенділігін<br/>салыстыру</b> | Металдардың оттекпен және сумен әрекеттесуі. <b>№2 көрсетілім</b> «Белсенді металдардың салқын және ыстық сумен әрекеттесуі»                        | 8.2.4.1 -кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу;<br>8.2.4.2 -белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау;<br>8.2.4.3 -металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу; | 1 | 10.10.2024 |  |
